



## ЖАҢА ЖЫЛ ЗОР ЖЕҢІСТІКТЕР МЕН БИІК БЕЛЕСТЕРГЕ ПОЛЫ ЖЫЛ БОЛСЫН!



### Баянды бірлігіміздің бастауына айналсын!

#### Құрметті қауым!

#### Қадірлі аудан тұрғындары!

Әлем халықтарының ортақ мерекесі – Жаңа жылмен баршаңызды шын жүректен құттықтаймыз!

Өтіп бара жатқан 2024 жыл тарих қойнауына енді, ал біз жаңа 2025 жылға жаңа жоспарлармен қадам басып отырмыз. Бұл жыл өліміз үшін және ауданымыз үшін маңызды жетістіктер мен табыстарға толы болды.

Өткен жыл ішінде өлімізде іске асырылған мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалардың арқасында ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуында айтарлықтай өзгерістер орын алды. Әр салада атқарылған ауқымды жұмыстар, халықтың әл-ауқатын арттыру бағытындағы шаралар біздің ынтымақ пен бірлігіміздің жемісі екені сөзсіз. Жаңадан салынған әлеуметтік нысандар, инфрақұрылымның жақсаруы, ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерліктің дамуы–барлығы да бірлескен еңбектің нәтижесі. Бұл жетістіктер ауданымыздың әрбір тұрғынының қажырлы еңбегі мен талпынысының арқасы екенін мақтанышпен айта аламыз.

Біз болашаққа зор сеніммен қараймыз, алдағы жылда да осы жетістіктердің еселенуіне, ауданымыздың өркендеуіне, дамуы, жаңарып отыратынына кәміл сенеміз. Әрбір жаңа күн–жаңа мүмкіндіктерге толы, ал бұл мүмкіндіктерді біз тек бірге, бір-бірімізге қолдау көрсете отырып іске асыра аламыз.

#### Құрметті жерлестер!

Сіздер үшін жаңа 2025 жыл зор жетістіктер, бақытты сәттер мен үлкен жеңістерге толы болсын! Жаңа жылда әр шаңыраққа мол ырыс пен тыныштық, ынтымақ пен береке әкелсін! Еліміздің бірлігі мен татулығы берік болып, көк байрағымыз биікте желбірей берсін! Біз бірге болсақ, қол жеткізетін жетістіктеріміз де мол болары сөзсіз.

Ізгі ниетпен,  
**М.ТҰРЫСБЕКОВ,**  
аудан әкімі.  
**О.ЖӘМИЕВ,**  
аудандық мәслихат төрағасы.

### МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ШЫРША МЕРЕКЕСІ ӨТТІ

Аудан орталығындағы Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінде аудан әкімінің балаларға арналған «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты Жаңа жылдық шырша мерекесі ұйымдастырылды.

Мерекелік шарада аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков бүлдіршіндерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, балалармен бірге мерекелік шыршаның шамын жақты.

«Жаңа жыл – жаңа үміт, жаңа мүмкіндіктер мен бастамалар жылы. Біз болашақ ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беріп, жарқын болашағына сенімді қадамдар жасаймыз. Бүгінгі мерекелік шараның басты мақсаты – сіздерге қуаныш, жылы сезімдер мен жаңа үміттер сыйлау. Балалардың күлкісі мен қуанышынан асқан ештеңе жоқ. Осы мереке сіздерге қуаныш пен жақсы көңіл-күй сыйласын. Жаңа жыл құтты болсын!» – деген аудан басшысы «AUYL SPORT-2024» республикалық турнирінің шахматтан жеңімпаз атанған Алихан Молдабайға арнайы алғыс хат пен сыйсияпат табыстап, болашақтағы жетістіктеріне сәттілік тіледі.

Сонымен қатар, аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев шараға қатысушыларға ізгі тілегін білдіріп, жаңа жылда тек жақсылық пен бақыт тілейтінін жеткізді.

Шараның тағы бір көрнекті сәті – Аяз ата мен Ақшақардың балалардың өнерін тамашалауы болды. Бүлдіршіндер өздерінің



сүйікті кейіпкерлеріне арнап ән салып, би билеп, сахнада ұмытылмас әсер қалдырды. Аудан басшысының арнайы дайындалған жаңа жылдық сыйлықтары табысталды.

Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің фойесінде «Жаңа жыл» тақырыбына арналған көрме ұйымдастырылып, келген қонақтарды қуыршақтар мен түрлі мерекелік бұйымдар қарсы алды. Мереке барысында бала-

лардың шығармашылығына баса мән беріліп, әрқайсысы ерекше әсерге бөленді.

Шараға көп балалы отбасылардан шыққан және түрлі байқаулардың жеңімпаздары атанған 150-ге жуық жас бүлдіршін қатысты. Шара соңында бүлдіршіндер арнайы дайындалған мерекелік дастарханда бас қосты. Қуанышқа толы сәттер мен ұмытылмас естеліктерге бөленді.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

### ЖАҢА ЖЫЛ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Кел төрлет! Жаңа жылым ардақтаған,  
Жылжиды жыл ауысып, самғап барам.  
Құт мекен құдыретің неткен ғажап,  
Жарқыра, кең жазира жалпақ далам.  
Қуаныш қойнауынан тарқамаған,  
Шыршалар бой көтеріп әр қаладан.  
Нұр шашып дидарынан Аяз ата,  
Сыйға толы қоржынын арқалаған.  
Он сегіз мың ғаламды жаратқанда,  
Несібе мол шашыпты таң атқанда.  
Сен сыйлысың Жаңа жыл күллі әлемге,  
Бейбіт түннің шуағын таратқанда.  
Туған жерім тұғырлым бәйтерегім,  
Сенде ғана тіршілік байқап өдім.  
Жыл мерейін өзіңде асқақтатып,  
Гүлдене бер, көркейіп байтақ далам.

Жыл шаттығын өлімнен еркін көріп,  
Сайын далам Сарыарқа көркің берік.  
Жаңа жыл жаңаша бір бастау алсын,  
Толағай тіршілікке сергін беріп.  
Адамзатта болған сондай басты арман,



Ел үміті ақталады жастардан.  
Күн нұрына бөленгенде жұмыр жер,  
Таңғажайып тарлан тірлік басталған.  
Мерей өсіп ұлғайса талғам тіптен,  
Жерінбе бабалардан қалған жүктен.  
Үмітін үкілеген мына халық,  
Жақсылықты әрдайым алдан күткен.  
Жарқын істер алаулап маздағанда,  
Жүреkte құйқылжыған қозғал әнді.  
Жаңа жыл, жан жылуын алып келді,  
Қуанышқа бөлеші боз даламды.  
Бақыты бай далама жеткен келіп,  
Еске түсер ерлігі тектен келіп.  
Жарылқай бер жыл басы туған жерді,  
Ел ырзығы мол болсын көктен беріп.  
Жаса, жаңғырт өлкемді, халықты мың,  
Таң нұрымен арайлап жарық күнің.  
Ет жүрегің елжіреп өлім десең,  
Аяз ата, Жаңа жыл жарықтығым!

Тілеубек **ЫБЫРАЙЫМОВ,**  
Созақ ауданының Құрметті азаматы.



## АУДАНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ ТӨСБЕЛГІСІ ТАБЫСТАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков еңбек ардагері Оразбек Жолдасұлыны қабылдап, «Созақ ауданының Құрметті азаматы» төсбелгісін табыстады. Бұл марапат-аудан

ның дамуына, ел игілігіне қосқан ерен еңбегі үшін берілген ерекше құрметтің белгісі екенін атап өтті.

«Сіздің ұзақ жылдар бойғы қажырлы еңбегіңіз аудан

нымыздың дамуына зор үлес қосты. Адал қызметіңіз бен туған жерге деген жана-шырлығыңыз әрқашан жастарға үлгі болып келеді. Бүгінгі марапат сіздің еңбегіңіздің лайықты бағасы деп білеміз. Ауданымыздың өркендеуі жолында жасаған әрбір ісіңіз үшін Сізге шынайы алғысымызды білдіреміз», - деді.

Сонымен қатар, Орзбек Жолдасұлы алдыңғы жолы өткен марапат рәсіміне белгілі себептермен келе алмағанын айтып, еңбегінің бағалағаны үшін алғысын жеткізді.

Шараға аудан әкімінің са-

лалық орынбасары, аппарат басшысы, бірқатар бөлім басшылары мен мамандар қатысты.

## МӘРТЕБЕ МІНБЕРІ

2024 жыл Созақ ауданы үшін мәртебелі жыл болды. Сөзімнің дәлелі ретінде, суретші қызымыз Байғараева Ақмарал облыста үздік атанғанын, ақын ағамыз Тұмартай Дінтайұлы да үздік ақын жүлдесіне лайық болғандығын айтуға болады. Сонымен бірге, Жартытөбе ауылы «Үздік ауыл»



жүлдесін иеленген екен. Ауыл әкімі- Жүсіпов Данияр

Керемет. Бұл туған жеріміздің экономикасы мен өнерінің қандай деңгейде екендігін көрсетіп тұрған жоқ па? Жартытөбе ауылының екінші демін ашқан Данияр ініміздің жұмысы басқа әкімдерге сабақ болғаны абзал. Ұстаздық пен өнерді қатар алып жүрген Тұмартай ағайымыз бен Ақмарал апайларымыздың еңбектеріне берілген әділ баға.

Құтты болсын, Созақ жерінің арда азаматтары. Бұл сіздердің ғана емес қарт Қаратаудың бауыры мен Арқа төсін жайлап жатқан, қазақтың қаймағы бұзылмаған бүкіл Созақ жұртының жеңісі. Қазақтың хандығының алғаш хандығы ту тіккен өлкеден талай дүлдүлдер дүниеге келмек.

Рахмет сіздерге. Алға, Теріскейім.

## АЛТЫН ҚҰРСАҚТЫ АНАЛАР ҚҰРМЕТТЕЛДІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ҚР Президентінің Жарлығымен «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алған көп балалы аналарды қабылдап, құрмет көрсетті. Аналардың қоғамдағы маңызды рөліне тоқталып, қадір-қасиеті мен бала тәрбиесіндегі қажырлы еңбегін жоғары бағалады.

«Елдің ең қымбат қазынасы-ұрпақ тәрбиесі. Осы жолда өз өмірін, күш-жігерін аямай, бала тәрбиесімен айналысып жүрген аналарымыздың еңбегі өлшеусіз. Бүгінгі марапат-Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің бағасы. Біз әрдайым Сіздер



мен мақтанамыз»-деді аудан басшысы.

Бүгінгі қабылдауға әр ауылдық округтен келген 11 көп балалы ана қатысты. 5 анаға «Алтын алқа» беріліп,

6 анаға «Күміс алқа» табысталды.

**Аудан әкімінің  
баспасөз қызметі.**

## Болашақ чемпионның алғашқы қадамдары

Шахмат — тек ақыл-ойды шыңдайтын ойын ғана емес, адамды стратегия мен логикаға баулитын зияткерлік сайыс.

Қазақстанда жас шахматшылардың қарқынды дамып келе жатқанын дәлелдейтін бұл жағдай, желтоқсан айының 13-16 аралығында Түркістан қаласында облыстық жасөспірімдер арасында классикалық шахматтан Республикалық жарысқа жолдама алды. Жаттықтырушысы өзінің әкесі А.Сүлейменов жалпы білім беретін мектептің денешынықтыру пәні мұғалімі Айдаров Орынбасар Құлмахамбетұлы.

Ерназар 4 жасынан шахматқа әуестігі байқалып әкесімен бірге шахмат жаттығуына қатысып жүрген.

Аталмыш сайысқа қатысқан бес жасар Ерназардың жетістігі қоғамда үлкен қызығушылық тудырып, ол жасөспірімдер арасында шахматқа деген ықыласты арттырды.

Бұл чемпион — өзінің жасына қарамастан, шахмат тақтасында терең ойлау қабілетіне ие,



қарсыластарын жеңу үшін дәл қадамдар жасай алатын бала. Оның чемпиондық жолы отбасы мен ұстаздарының қолдауының арқасында қалыптасқан. Мектеп алды да-ярлық топ оқушысы Ерназардың шахматқа деген қызығушылығы бұрыннан бар еді, бірақ ол тек осы жарыста өз шеберлігін толық көрсету мүмкіндігіне ие болды.

Жалпы шахмат балаға тек ойынның ережелерін ғана үйретпейді, сонымен қатар оларды ойлануға, шешім қабылдауға және нақты мақсатқа жетуге баулиды. Бала шахмат арқылы сабырлылықты, зейінділікті пен жауапкершілікті игереді. Бұл қасиеттер өмірдің әртүрлі салаларында пайдалы болары сөзсіз. Бүгінгі чемпион болашақта үлкен жетістіктерге жетеді деп сеніммен күтеміз.

Бес жасар Ерназардың жеңісі — тек оның жеке жетістігі емес, жалпы еліміздің зияткерлік тәрбиесінің және баланың ой-өрісін кеңейтуде атқарылған жұмыстың жемісі.

Шахматтың бала тәрбиесіне тигізетін оң әсері зор екенін көрсететін осындай жеңістер көптеп жалғаса берсе, еліміздің болашақ чемпиондары да артып, халықаралық арена-ларда туымызды биіктететін болады.

**Нұржамал МАЙУСОВА.**

## ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ

«Дала қырандары» деп айдар таққан балуандар бәсекесі жасөспірімдер арасында жыл бойы өтті. Мұнда спортшылар қазақ күресі, грек-рим және еркін күрес пен дзюдодан сынға түсті. Республикалық турнир төрт турдан тұрады. Аудандық, аймақтық, облыстық және оларды жеңіп шыққан-дар республикалық чемпи-

спортшылары қатысып, бақ сынады. Олар кіл мықтының ішінен кім мықтыны анықтады. Аталған сында аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің балуандары да өнер көрсетті. Аудан намысын қорғаған Сейілбек Ермұхамбет 46 келі салмақта 1 орын алса, Тынысбек Мирас 2 орын иеленді. Спортты бала



ондар лигасының финалында өнер көрсетеді. Жарыс бағдарламасы бойынша балуандар ұпай жинау арқылы жеңімпазды анықтайды. Еліміздің барлық өңірлерінен келген, әр салмақта үздік шыққан сегіз балуан финалдық турға жолдама алды. Чемпиондар лигасының шешуші кезеңі желтоқсан айында Астана қаласында өтті.

Елордада «Жақсылық Үшкөміров атындағы жекпе-жек сарайында» күрестің 4 түрінен жасөспірімдер арасында чемпиондар лигасының үздік балл жинаған үш турының 500-ге жуық

күннен серік еткен Сейілбек Ермұхамбеттің жаттықтырушысы Талғат Сиязбеков. Ал жүлделі орын алған Тынысбек Миранстың бапкері, әрі әкесі Марғұлан Саржанов.

Балуандарды жарысқа баптап қосқан, аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушы, өзі де спортты серік етіп біршама белесті бағындырып, бүгінде бапкерлікті серік еткен Марғұлан Саржанов: «Жарыс биыл алғаш рет өтіп отыр. Соған қарамай шәкірттерім, жақсы нәтиже көрсетті. Келер жылы мұнан да жоғары нәтиже көрсетеміз», - дейді.

## Құрметті аудан жұртшылығы!

Сіздерді есігімізден енген 2025 жыл-Жаңа жылдарыңызбен шын жүректен ыстық ықыласпен құттықтаймын!

Отбасыларыңызға, ағайын-туыстарыңызға, достарыңыз бен сыйлас жандарға Жаңа жыл жақсылығымен келсін! Ауру-сырқаудан аман болыңыздар! Әр күндеріңіз қуанышқа толы болсын! Жаңа жыл шаңырақтарыңызға шаттық, мол табыстар әкелсін!

**Сіздерге деген зор құрметпен:  
Созақ аудандық  
мәслихатының депутаты  
Бағлан СҮГІРБАЕВ.**



\* \* \*

## Қадірменді жерлестер!



**Елге келген сыйлы қонақтар!**

Баршаңызды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын!

Жылан жылы әрбіріңіздің отандарыңыз саналатын шаңырақтарыңызға бақыт пен қуаныш, береке, ырыс алып келсін!

Бала-шағаларыңыздың қызықшылығын көріп, ұзақ өмір сүруді нәсіп етсін!

Жаңа жыл жақсылыққа толы болсын!

**Ізгі ниетпен:  
Созақ аудандық  
мәслихатының  
депутаты Бақдәулет  
БАЙМҰСАЕВ.**

ҮМІТ ПЕН ЖАҢАРУДЫҢ  
БАСТАМАСЫ

Жаңа жыл—тек күнтізбелік өзгеріс қана емес, ол әрқайсымыздың өмірімізде жаңа үміт, жаңару мен ізгі тілектердің орнаған сәті. Жаңа жылды қарсы алу—бұл өткен жылды қорытып, жаңа мүмкіндіктерге қадам басу үшін тамаша уақыт. Жыл басы—жаңа бастамалар мен армандардың орындалуы үшін жігерлілік пен оптимизмнің символы болып табылады.

Жаңа жылға қадам басқан кезде әрқайсымыз өзімізге мақсат қойып, оларды іске асыруға тырысамыз. Бұл уақыт—жақындарымызбен бірге болуға, оларды қуантуға, жүреппен қабылдап, көңілдегілерге жақсылық тілейтін кезең. Сол себепті, әрбір адамның жүрегінде жаңа жылға деген үмітпен бірге, бір-біріне жақсы тілек айтуды дәстүрге айналдырғаны абзал.

Жаңа жылда баршаңызға кәсіби жетістіктер мен табыстар тілеймін. Өзіңіз қалаған мақсаттарға жету жолында қаншалықты еңбек етсеңіз, сол күш-жігеріңіз жемісті болар.

Әр жаңа күн жаңа мүмкіндіктермен толы. Жаңа жыл бізге болашақта кездесетін қиындықтар мен сынақтардан қорықпай, жаңа бастамаларға сеніммен қадам басуға шақырады.

Өткен жылды еске ала отырып, оның бізге берген сабақтарын қабылдайық. Жақсы сәттерді еске алып, қиындықтардан үйрену—осы жылды сәтті аяқтау үшін маңызды қадам. Әрбір өткен күн өзінен бір із қал-



дырады, бірақ ол бізге жаңа жылда жаңа нәрселер үйренуге мүмкіндік береді.

Жаңа жыл—жаңарудың символы.

Жаңа жыл—жаңа бастамаларға жол ашатын уақыт. Ол бізге өткеннен сабақ алып, алға қарай батыл қадам басуды үйретеді. Бұл кезеңді тек жеке өмірімізде ғана емес, еліміздің дамуына да үлес қосатын уақыт деп санайық. Барлықтарыңызға тек қана жақсылық, ынтымақ пен береке тілеймін!

Жаңа жылда бәрімізге үміт, табыс пен сәттілік жолдас болсын!

**Қымбат ТӨРЕБАЕВА,  
«Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің мүшесі.**

## ЖАҚСЫЛЫҚТАРМҰН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ!

Уақыт зырлап өтуде. Үстіміздегі жыл кеше ғана басталған сияқты еді. Әнеміне дегенше бұл жыл да бізбен қоштасқалы тұр. Өткелі отырған жылға өкпеміз жоқ. Еліміз аман, жұртымыз тыныш.

Ауданымызда көптеген игі шаралар іске асты. Жасалып жатқан жарқын істерге көңіліміз толады. Өңіріміз жылдан жылға көріктеніп, көркейіп келеді.

Алдыңғы толқын қариялар жастардың бойына еңбек-



қорлықты, адалдықты еге білсек, біздің мақсатымыздың орындалғаны деп есептеймін.

Табалдырығымызды атаған Жаңа жыл да жақсылығымен келсін. Барша аудан халқын Жаңа жылмен құттықтаймын! Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін!

**Асаубай БӘКІРОВ,  
Созақ ауданының  
Құрметті азаматы.**



## Ауылым-алтын бесігім, құт дарыған...

Мен келін болып түсіп, отбасы құрып, ұл-қыздарымды дүниеге әкеліп ғұмыр көшіп жатқан Жуантөбе ауылыммен мақтанамын. Арқа төсінің алтын қақпасы атанған ауылымыздың ырысы толып, ынтымағы асып, тасып жатқан берекелі ауыл. Ауылдың түлектері жырақта жүрсе де туған жерінен кіндігін үзген емес. Қолынан келгенше жәрдемі береді. Аудан басшысының өндірістерді ауылдарға бекітуі арқылы көптеген игі істер атқарылды. Өткен 2024 жыл біздің ауыл, ауданымыз үшін табысы артқан берекелі жыл болды. Ғимараттар ашылып жатыр, ауыл ішінде барлығы сегіз көшеміз бар еді, сегізі де асфальттенді, сегіз көшемізде жарықтан-



дырылды. Ал бізден басқа өзге ауылдарда да саябақтарға көшеттер егілді, ауыл маңы тазартылды, мектепте, балабақша, ойын

алаңдары, футбол алаңшалары, шаруашылыққа қажетті тоғай алаңдары және тағы басқа ел игілігіне керекті жайлар кәдемізге асты. Ауыл аналары атынан аудан басшылығына, ауыл әкімдеріне, ауыл азаматтарына, ауылда дүниеге келіп сыртта жүрсе де елім деп ет жүрегін езілген жандарға аналық алғысымызды айтамыз. Жаңа жыл әрбірімізді жаңа белестерге жетелеп, толағай табыстарға көнелтсін! Көптеген игілікті істердің куәсі бола берейік! Барлығыңызда аман сау болыңыздар!

**Клара ДУЛАТОВА,  
Алтын алқа иегері,  
Жуантөбе ауылы.**



## Толғадай табыстарға жете берейік!

Жаңа жыл жақындаған сайын жүрегімізде ерекше толқыныс пайда болып, келер жылға дайындық жасаймыз. Жылан жылына аяқ басқалы тұрмыз. Әр жылдың өзіндік ыстық естеліктері бар. Жыл жақсылығымен келсін!

Қазақ халқының дәстүрінде жыл санаудың 12 жылдық циклі ерекше орын алады. Әр жыл жануар атымен аталып, өзіндік мінез бен қасиетке ие деп есептеледі. Солардың бірі – Жылан жылы, ол күрделілігімен, жұмбақтылығымен және өзгерістерге толы кезеңдерімен танымал.

Жылан жылы—қазақ дәстүрінде ақыл-парасаттың, сақтықтың және терең ойдың символы. Бұл жылды қазақтар ерекше құрметтеген, өйткені жылан табиғаттың тепе-теңдігін сақтаушы ретінде танылған.

Жылан жылы қазақ халқы үшін тек жыл қайыру жүйесінің бір бөлігі ғана емес, терең мағыналы кезең. Бұл жыл сабырлық пен ақылмен әрекет етуге шақырады, ал



қиындықтардан сабақ алудың және жаңа деңгейге көтерілудің мүмкіндігі ретінде қарастырылады. Жылан жылы келгенде қазақ халқы үмітпен, сақтықпен және жаңа бастамаларға дайындықпен қарсы алған.

Жалпы алғанда, өткен жылға өкпеміз жоқ. Өткен жыл ауданымыз үшін өте жемісті болды деп есептеймін. Себебі, көптеген отбасы баспаналы болды, «Жайлы мектеп» жобасы аясында үлкен білім ордасы,

спорт кешені бой көтерді. Бұның барлығы да жастарға, оқушыларға деген қамқорлық деп білемін. Мен әрдайым туған жеріммен мақтанып жүремін. Және де ауданымыздың барша жастарын, мектеп қабырғасындағы оқушыларды оқуда озат болуға, еліміздің кемел келешегін қалыптастыру жолында аянбай тер төгуге шақырамын.

Жаңа жыл бақытты болашаққа үміт, игі іс атқаруға жігер сыйлайды. Бұл жылды жаман өткізген жоқпыз деп ойлаймын. Біз бақыттымыз. Осындай бейбіт, тыныш заманда, берекелі шаңырақта шаттықтан жүзіміз бал-бұл жайнап, ақжарма тілегімізді айтып тұрмыз. Осының өзі үлкен бақыт деп есептеймін. Көңіліміз кірлемесін! Бір-бірімізге деген сеніміміз сөнбесін! Тек жақсы үмітпен толағай табыстарға жете берейік. Жаңа жыл құтты болсын!

**Айза ПЕРНЕБАЕВ,  
Н.Төреқұлов атындағы  
ІТ мектеп-лицейінің 8 ә  
сынып оқушысы.**

Халқымыз бір жылдың 365 күнін 12 айға және әрқайсысы 90 күннен тұратын төрт мезгілге (көктем, жаз, күз және қыс) бөліп қарастырған. Әрі бұл өте ерте замандарда қалыптасқан дәстүр. Махмуд Қашқари өз еңбектерінде түркі халықтарының жыл санау дәстүріне байланысты былай дейтіні бар: «Көшпелі өмір сүретін, мұсылман болмаған түріктер жылды төрт маусымға бөліп, әр үш айды бір атаумен атайды. Жылдың өтуін сол тәсілмен белгілейді... 30 күннен тұратын уақыт өлшемін Ай деп есептейді. Бір айлық уақыттың өтуі айдың дәуір сүруімен есептелгендіктен, жылдың он екіден бір бөлігі де «ай» деп аталады». Яғни осыған қарап-ақ, жыл, ай санау, маусым есебін шығару секілді күнтізбе дәстүрін бабаларымыз сонау түркі дәуірінің өзінде-ақ меңгере білгенін байқаймыз. Бұл дәстүр «ай санау» деп аталады.

90 күннен тұратын бұл мауымдарды



Халық мұны «Үркердің толғағы» дейді. Сары сарша - сарғаю, яғни жердің қуаң тартып, өсімдіктердің сарғайған кезін білдіреді. Бұл кезде жайлау «сары жұрт» атанады. Пішен шабылып болып, егін орағы басталады. Тамыз сүмбіледе су салқындай бастайды. «Сүмбіле туса, су суыр» деген - осы.

**Қыркүйек** - жетінші ай, яғни күздің бірінші айы. Бұл - мал шаруашылығына орай шыққан атау. Қой-ешкінің төлдеу уақытын көктем айына келтіру үшін қазақтар күйек байланған қошқар мен текенің күйегін осы айда алатын болған. Қыркүйекте шаруашылықтың жиын-терімі аяқталып, жұрт қыс қамына кірісе бастайды. Ел күзде жайлаудан түсе бастайды. Күн салқын тартып, жерге шық түседі. Ел күзем алады. Кейде қыркүйекте жайлы, жұмсақ шуақты күндер болады. Ұзынынан ұзақ мизамдар жүреді. Жұрт мұны «мизамшуақ» деп атайды.

**Қазан** - сегізінші ай. Күн салқын-

# Қазақтың жыл санау дәстүрі

күнделікті өмірде көктем, жаз, күз және қыс деп шартты түрде атағанымызбен бұрынғылар бұл мезгілдерді су, от, топырақ және ауа секілді төрт жаратылыстың, яғни төрт дүлейдің үстемдік құратын уақыты деп санаған. Мәселен көктемде дүниенің барлығын су басады, жазда көк шалғын (от) және ыстық ауа райы орнайды. Күзде шөп сарғайып, ыстық қайтады. Топырақ көрініп, жер демалады. Ал қыста алдыңғы үш дүлей тыныштық тауып боран мен ұйытқыған желдің уақыты келеді.

Осы төрт дүлейдің қар, жаңбыр, ыстық, суық, аяз, жел, боран секілді құбылыстарын амал деп атаған. Амалға қарап болжам жасаған, малын төлдетіп, көшін түзеген. Халқымыз бұл тұрғыда үлкен шеберлік әрі білгірлік танытқан. Әр ай ішінде болатын табиғат құбылыстары мен өзгерістерін халық «амал» деп атаған. Кей өңірлерде «ай амалдары» деп те аталады. Сол амалға байланысты жұрт болашақ жоспарын күні бұрын мөлшерлеп, соған сай дайындық жасайтын болған. Қазақ жылдызшылары екі айдың арасын «өліара» деп есептеген. Бұл - халқымыздың ауа райы және оның әр алуан құбылысын зерттеу нәтижесінде шығарған ғылыми қорытындысы. Осы негізде халқымыз «тоғыс айлар» деп аталатын айлар тобын дүниеге әкелген. «Тоғыс есебі» - шаруа жайымен, мал шаруашылығымен шұғылданып өмір кешкен байырғы қазақ халқының үркер қозғалысына негізделген күнтізбесі. Тоғыс есебін жүйрік білетін есепшілер мен көкірегі дана қариялар азайып кетсе де, ескі сұрлеумен із шолуға ниет еттік. Айдың үркерді басып өтуі - тоғыс деп аталады. Дәл тоғыс кезінде үркер айдың арғы жағында тасада қалады да, жердегі адамдарға көрінбейді. Ай жылжып өткен соң тоғыс аяқталып, үркер көрінеді. Ай толған кезде ауа райы бұзылып, өзгеріс болады. Тоғыс үш күнге жалғасады. Алғашқы күні тоғаяды. Келесі күні ауыл үй қонады. Үшінші күні өтіп шығады. Бір тоғыстан екінші тоғысқа дейінгі мерзімді тоғыс айы деп атайды. Үркіп үйірінен бөлінген малға ұқсатып үркер деп атаған. Үркер күн мен айдың орбитасына жақын болғандықтан, оған қатысты күн мен айдың орналасуына қарап жыл мезгілін, айдың қай тоғыс екендігін анықтап отырған. Күнтізбесін үркердің қозғалысына негізделген көшпелі халық шаруашылығын, науқанды жұмыстарын да тоғыс есебіне сәйкестендірген. Үркерге қарап қыс пен жаздың басын анықтаған», - дейді белгілі зерттеуші Қадан Қабисатұлы.

Тоғыс айлары:

Наурызды - мереке, ал ақпан мен сәуірді моңғолия қазақтар секілді «амал» деп қарайды. Шығыс күнтізбесі бойынша, жаңа жыл Наурыздан басталады.

**Наурыз** - жылдың әрі көктемнің бірінші айы. Парсының «нау» - жаңа, «руз» - күн деген, яғни «жаңа күн» деген сөзінен шыққан. «Демек, наурыз аты бір-ақ күнді білдірсе де, ол толық ай атын иеленген. «Наурыздың бірінші

күні күн мен түн теңеледі, яғни жаңа жыл келеді. Бұл күннің халқымыз үшін орны бөлек. Ол - жыл басы, көктем басы, мереке басы саналғандықтан, халқымыз бұл күнді «Ұлыстың ұлы күні» деп атаған. Бұл күнге (яғни жаңаша 22-сі күні) халық үлкен құрметпен қарайды. Мерекелі күндер біріне-бірі ұласады. «Наурыз-думан», «наурыз көже» дәстүрі осы айда жасалады. Күн ұзарып, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағына халық өзінің тәтті-дәмдісін сақтайды. Үлкендер сол дәмді татады, мұны «ұзынсары» деп атайды. Мал төлдейді. Қар еріп, өпкек жел тұрады. Ауа райы құбылып, жұрт қарбалас күйге түседі. Мұны «көктемгі аласапыран» деп атайды. Наурыздың соңғы күндері кейде қар, кейде жаңбыр жауады. Халық мұны «Құс қанаты» деп атаған. Мұнысы жыл құстарының келе жатқандығынан дерек берсе керек», - делінген Зейнолла Сәніктің зерттеу еңбектерінде. Енді автордың сол зерттеулерінен біраз мәлімет келтірсек:

Көктемнің басында қасқырлар жұптасып, ұйығады. Осы кезде борасын болады. Бұл амалды халық «бөрі сырғақ» дейді. Наурыздың жаңаша 17-21-і күндері аралығында қатты боран соғады. Мұны «бесқонақ» деп атайды. Осы айдың аяқ шенінде түскен әдемі қиыршық қарды «наурызша» дейді. Бұдан сырт осы мереке кезінде туған алғашқы төл «наурыз төл» деп аталады да, ол малдың сөтері болып есептеледі.

**Көкек**-екінші ай. Бұл ай - Көкектің алғаш шақыра бастаған айы. «Көкектің алғаш шақыра бастаған айы болғандықтан осылай аталған» деседі халық. Бұл мезгілде қар еріп, су тасиды. Күн жылына бастайды. Ағаштар бүр жарып, көк қаулап өседі. Мал жаппай төлдейді. Жарлының аузы аққа тиіп, уызға тойынады. Құс жұмыртқалай бастайды. «Наурыз келмей жаз болмас, сәуір болмай маз болмас» дегендей, бұл айды кей жерлерде «сәуір айы» деп те атайды. Бұл айдың аяқ шенінде (25-28 күндері) қара суық қайталаанады. Мұны «тобылғыжарғанның суығы» дейді. Осы кезден бастап тобылғы бүр жара бастайды.

**Мамыр** - үшінші ай. Көктемнің ең сұлу шағы. Жер бусанып, табиғат күлпырады. Құстар сайрандап, жас төлдер ойнақ салады. Ауыл адамдарының арқа-басы кеңіп, жер беті мажурап, жұрт масайрап қалады. Ата-бабамыз малдың балаларын «төл» деп атағаны сияқты құстын балапанын «мамыр» деп атаған. Өйткені бұл айда құстар балапан шығарады. «Бұл айдың аты осыған байланысты қойылған» дейді халық. Мамыр - тоқшылық, мамырлап, маужырап, мал қонда-на бастаған, адам көктемгі мал төлдету қарбаластығынан ес жиған кез болып есептеледі. Бұл кезде қой қырқу, жылқы күзеу, түйе жүндеу басталады. Алғашқы бие байлау да осы кезге тура келеді. «Қымызмұрындыққа» шақыру да осы айдың еншісіне тиген.

Бұл айдың үшінші он күндігінде «Құралайдың салқыны» деп аталатын амал келеді. Бұл кезде киіктер төлін, яғни құралайын аяқтандырады,

өргізеді.

**Маусым** - төртінші және жаздың алғашқы айы. «Маусым үндінің «маусын» деген жылдыз атауынан шыққан екен де, кейін түркі елдерінің тіліне енген» деген жорамал бар. Бұл атау жаз маусымының басталуына орай шығуы да мүмкін. Бұл ай кейде «отамалы» деп те аталады. Мұның жер отының молайып, нәрленіп, малға жұғымының артуына байланысты шыққандығы көпке белгілі. Күн барынша ұзарып, түн қысқарады. Маусымда ел төр жайлауға барып қоныстанып, халықтың бір жыртқап қалатын, жайлау рақатын көретін шағы.

**Шілде** - бесінші ай. «Парсының «чіллэ» деген, яғни «қырық» деген сөзінен шыққан», дейді кейбір зерттеушілер. Мұның шындығын қазақтың

## Жыл мерейі жарқырасын

*Асқақтасын абыроймен,  
Мынау ғажап дара күнің.  
Қадам бастың сабыр оймен,  
Жаса, жаса жаңа жылым!*

*Жасып шырша көкке өрлеген,  
Алау шамдар жағылады.  
Әшекейлер көп зерленген,  
Осы жерден табылады.*

*Асыр салып бүлдіршіндер,  
Шана сүйреп сырғанаған.  
Осы сәтті білдірсің деп,  
Ақын жоқ қой жүрламаған.*

*Шым еткізер ақша бетті,  
Жатсадағы аяз қарып.  
Қимылдары асқан епті,  
Байқалмайды таяз қалып.*

*Қуанышты көңілдермен,  
Жыл мерейі асқақтасын,  
Жан шуағы төгілді ерден,  
Аяз ата қас қақпасын.*

**Гүлханым АЙДАРҚЫЗЫ,  
Қаз ҰУ-дің 1-курс студенті.**



«қырық күн шілде» деген сөзінен-ақ аңғаруға болады. Бұл өте ыстық ай әрі ол 40 күнге созылады.

**Тамыз** - алтыншы ай. Көне Сирия, ежелгі еврейлердің «тұммхз» деген сөзінен шыққан. Біздің тілімізде «сары» деген ұғымды білдіреді. Қазақтар бұл айды «саршатамыз» деп те атайды. Аспан айналып жерге түскендей ыстықтан кейін сарша Үркер туып, малға, жанға жайлы жаңбыр жауады.

дайды. Жыл құстары жылы жаққа ауа бастайды, бұлт қоюланады, жерге боз қырау түседі. Кей күндері ұшпалап қар жауады. Малшылар күзекке түсіп қонады. Ауа райы құбылады, желді күндер көбейеді. «Ешкі-лақтың желдейтін шағы» келеді, кейде «қазанның қара дауылы» тұрады. Жай қалған көкөніс пен егін үсікке шалдығады. «Қазан ұрды» деген - сол. Сүмбіле туғанда су суыса, қазанда «таразы туып, таң суиды», «Боқырау» деген амал осы айға тура келеді. «Боқырауда бөк қатар» дейді халық.

**Қараша** - тоғызыншы ай. Бұл айда мал семіреді. Ертеде салық малы осы айда жиналатын болған. Оны халық «қараж», «қаражшы» деп атаған, яғни «қаражат жинаушы» деген сөз. Кейін келе «қараша» болып, ай аты ретінде қалыптасқан. Бұл айда жер оты азайып, күн суытады. Кар түспей тұрғандағы мұндай суықты жұрт «қара суық» дейді. Алғашқы қар түседі. Мұны «қарашаның қары» деп атайды. Малшылар малын іріктейді. Тоқты-лақты, саулықты, бойдақ малдарды қысқы дайындыққа орай бөлек-бөлек бағуға іріктеп шығады.

**Желтоқсан** - оныншы ай, қыстың бірінші айы. «Жел» және «тоқсан» деген сөздің қосындысынан шыққан, яғни «желді, боранды тоқсан» немесе «желді-боранды маусым» дегенді білдіреді. Ежелгі түріктер бұл айды «жел айы» деп атаған. Бұл айда қыс күшіне өніп, қатты суық басталады. Бұл суық, әрине, 3 айға - бір тоқсанға созылады. «Қыс түсті» деген сөз қыспаққа алатын, «Қыс қысылатын мезгіл жетті» дегенді білдіреді. Осы айдың орта шенінде (15-20 күндері) ақ мылтық бұрқақ болады. Мұны «теке бұрқылы» дейді. Желтоқсанның 22-сі күні - күннің қысқару шегі. Мұны «күннің тоқырауы» дейді. Жұрт жаппай соғым сояды. «Майқуырдақ», «соғым басы» басталады.

**Қаңтар** - он бірінші ай. Күннің барынша қысқарып, қаңтарылып тоқтағанына қарай «қаңтар» деп аталған. «Қаңтардың қақаған аязы» осы айда болады. Күннің ұзаруы осы айдан басталады. Халықтың «қаңтарда күн қарға адым ұзарады» дейтіні осыдан.

**Ақпан**-он екінші ай. Қыстың, әрі жылдың соңғы айы. «Ақпан қазақтың «ақ ықпа» деген сөзінен шыққан» дейді халық. Бұл ай - қыстың ең ауыр әрі қаһарлы кезі. Қатты суық, аяз, үскірік, дүлей борандар осы айда болады. «Боз тоқтыда құйрық қалды, бойжеткенде бұғақ қалды, қырлан, ақпан, Қырлан» деген қаңтар ақпанға бәрін тапсырып кетеді екен» деп отыратын қариялар. Ақпан - жылдың ең қысқа айы, кейде 28, кейде 29 күннен бітіп отырады. Халық бұл айды үрейлі жағдайда өткізеді. Өйткені тарихтағы жұттар, ел азықсырап, мал арықтап қалатын қиын жағдайлар дәл осы айда киіп кетіп отырған. Бір жағынан, күн ұзарады. Ақпанда күн ат адым ұзарады» деген сөз бар.

**Зерттеуші Зейнолла Сәніктің зерттеу еңбектерінен алынды.**

Әндірбайдың совхоз малын баққанына бірнеше жылдың жүзі болды. Өзі қатарлы шопандар отарларын аман сақтап, жыл сайын мал басын көбейтіп, арасында өздерінің жеке малдарының санын молайтып жатты. Ал Әндірбайдың тірлігі кері кетіп, өлім-жітімі көбейіп, қарызына қарыз қосты. Спырт сата-тындар де тіке осы үйге келеді. Әбден біліп алған. Әйелі екеуін қолдағы барын оңды солды жарату-дың нақ шебері десе де болады. Әйелі Әтіркүл Әндірбайдан өткен ысырапшыл, автоләпкі келсе болды қаптап, сыптап әр

мұздай суға батырып-батырып, сығып алып шеттегі Асқардың төсегінің тура ортасына жыланға ұқсатып орап-орап салып қояды.

-Туу, жол соғып тастапты!-деп Асқар шешініп шалқасынан жата береді де: -Ойбай жылан!-деп жалаң аяқ, жалаң бас үйді айналып қаша жөнеледі. Екі жас маман да атып-атып тұрып төсектеріне қарайды.

Әндірбай болса қолына таяғын алып: -Ой, Асеке сізге ескертпеппін ғой. Бұл жерде жылан деген жүде көп екен. Қане, алып тастайын деп шұбатылған

## МАЛ САНАҚТАҒЫ ОҚИҒА



нәрсені ала бергісі келеді. Осылайша бір күні мал басының кемдігі, қарыз-құрызы басшылардың да құлағына жетеді. Шілде айының бір күні Бетпақдаладағы Әндірбайдың отарына мал санайтын комиссия шығады деген сыбыс естіледі. Комиссияның төрағасы Күрекбаев Асқар деген зоотехник екені де белгілі болады. Қасында комиссия мүшесі ретінде екі жас маманы бар екен. Комиссияның келетінін Әндірбай есітіп, әркім-әркімдегі малының басын құрап үлгере алмай қалады. «Неде болса келе көрейін» деп бір малын сойып тастайды. Кешкісін комиссия мүшелері сарт етіп жетіп келеді. Далаға көрпеше салып, дастархан жайып, қонақтарды ел-сөл күтеді. Әндірбай пәлен жыл қой бағып жүріп Асқардың жылан десе зәре құты қалмайтынын жақсы білетін. Асқардың келуіне «дайындалып» алдын ала даладан бір-екі жыланды ұстап алып, құтыны ауа кіріп тұратындай тесіп, соған жыландарды салып қояды. Содан қонақтар етті емен де семен жеп болған соң Асқар:

-Ертең ерте тұрып малды санаймыз. Бүгін жатып демалайық,-дейді. Әндірбайдың келіншегі Әтіркүл далаға, киіз үйдің іргесіне қалыңдап төсек салады. Қонақтар түзге шығып кеткенде Әндірбай жуан арқанды кесіп әуіттегі

«жыланды» таяғына іліп алып, аулақтау жерге апарып тастайды.

Сонымен Асқар түні бойы «жылан қай жағымнан келіп қалар екен!» деп елеңдеп, шошып ұйықтай алмайды. Таңертеңгі шәйдің үстінде қалғып-мүлгіп зорға отырады. Содан қойды санауға шығады. Әндірбай болса, ретін тауып кешегі құтыдағы жыланның бірін қойдың мойнына, бірін ешкінің мүйізіне орап байлап қояды.

Бір кезде есіктің аузында 250, 251, 252 деп қойды санап тұрған Асқардың алдына мүйізіне жылан оратылған ешкі келе қалады.

-Ойбай екең, жылан!-деп қолындағы шыбығын тастай сала Асекең қаша жөнеледі. Біраздан соң өзді өзіне келген Асқар:

-Жігіттер, мен көз жобамен байқап тұрмын Әндірбайдың малы түгел сияқты. Қалай ойлайсыңдар!-деп қасындағы мамандарға қарайды. Олардың шыжыған ыстық күнде қайсыбір қой санағысы келіп тұр дейсің. Бастарын изеп келісе кетеді.

-Күзде келіп тағы санаймыз. Оған дейін бірлі-жарым кем-кетігі болса Әнекең түгелдеп қояр. Біз кеттік!- деп, Асекең бастаған комиссия мүшелері көліктеріне асығыс мініп «жыланды» ауылдан тезірек аттанып кетеді.

**Бетті дайындаған:  
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

## ЖЫЛАННЫҢ ЖЫЛУЫ

Арқабай биыл қыстауға ерте

көшті. Шұбырған қойлар ша-шауы шықпай тізбектеліп, диттеген жерге жеткенше шашырай жайылмауға бір ауыздан келісіп алғандай бүрсеңдеп келеді. Мойынға ілген брезент дорбасына наны мен айранына қоса Мұхтар мен Исрайылдың өлең кітаптарын да салып алған. Арасында қой отары көзден ұзағанша біраз парақтап алады. Қойлары сияқты Арқабайдың да көңілі пәс. Оның үстіне үйдің ішінде де береке болмай, күн сайын ыдыс аяқтың сылдыры күшейе түсіп келеді. Ұрыс-керсістің басты себепі араларында бір перзенттің болмауы еді. «Мына қараң қалғыр малды не үшін бағамыз?» «Не үшін керек бұл қу дүние!»-деген айқай үрең-сүреңнен құлағы тңды. Тұманды ойдан жырақтау үшін «Қыстау қора қанттай болып тұрған шығар?»-деп іштей өз көңілін өзі көтеріп қойды. Өйткені өткен жолы совхоздың құрылыс бригадасы қыстаудағы үйді жөнге келтіріп, есік-терезелерін жөндеп, темір пешін тұрғызып кеткенін білетін. Сыртқы есігін жауып кеткен шығар. Кештетіп бір отар қойдың серке бастаған алдыңғы легі қыстау қораның албарына енді. Кешегі күні күзеуде қалған үйді көшіруге көлік болмай, олар енді ертең көшіп келмек. Пешке даладан құраған сексеуіл мен баялыштың бір құшағын әкеліп, үстіне қораның бұрышында былтырдан қалған тезектерді қалап, от тұтатты. Ә дегеннен гүр ете жанған темір пештің жылуы үйдің ішін тез жаулай бастады. Күні бойы қой соңынан ілесе жүріп шаршаған Арқабай қисайып жатып ұйықтап кетіпті. Біршама уақыттан соң шалқасынан аунап түсіп қорылға басты...

Түн ортасында оянып кетіпті. Қалтасынан қол шамын алып, мал қораны бір айналып шығуға бекініп орнынан түрегеле бергенде шамның жарығы бөлменің шұңғыл бұрышында жиырылып жатқан әлденені шалып өтті. Жүрегі дір ете қалды да қол шамды әлгі бұрышқа қайта салды. Бөлменің бұрышында жиырылып жатқан ала шұбар жыланға Арқабайдың көзі түсті. Ойпыр-ай түсінің суығын-ай, жүрегі бір сәтке тоқтап қалғандай болды. Қара күздің суығында бұл қайдан жүрген қонақ?-деп ойлады да қолындағы таяғымен нұқып далаға шығарып жібермекке әрекеттенді.

Шынында кешқұрым үйге келгенде жоқ еді. Сап етіп бұл жылан қайдан келді? Түсіңсе бұйырмасын. Ботагөздің білмегені дұрыс. Үйдегі іні, қарындастары, бәрі де жылан десе зәрулері қалмайды. Жылан көрдім деп айтпауды ұйғарды. Қолындағы таяғының басына ширатыла оралған жыланға қарап тұрып әлдене есіне түсіп кетті де тез есін жиып қорадан алыстау жерге апарып, қалың сексеуілдің арасына жіберді. Қораны да бір айналып шықты. Ай тура төбеге келіпті. Айналасы қораланып тұр. «Ертең күн суытып, қар түсуі мүмкін» деген оймен қораның терезелерінің жақтауын түсіріп, албардың есігін жартылай ғана жауып қойды.

Үйге кіріп, пеш түбіне төсеген күпәйкесіне жантая жатқанымен ұйқысы келер емес. Оның үстіне әлгі жылан есінен шықпай қойды. Кенет, кенет әлгінде ойына түскен сәт қайта оралғандай болды. Өткен жылғы күздегі бір оқиға есіне түсті. Күздің қоңырқай, желді күні таудағы үйге отын артып әкетпек болды. Ертемен отын сындыруға шыққан үш жігіт түске жеткізбей бір машинаның қорабын отынға сықай басты. Таудағы үйге әкеліп, қора іргесіне қотара түсіріп жатқанда отын арасында жүрген ала шұбар жылан Арқабайдың көзі шалып қалды. Таудағы үймен қыстаудың арасы 65-70 шақырымдай болады. Арқабай ерінбей жыланды ұстап алып, кенеп қапқа

салып әлгі көлігімен кері, қыстауға қарай бет алды. Түн ортасында отын алған жеріне әкеліп кенеп қаптың аузын ашып жыланды еркіне шығарып жіберді. Бағанағы көрген сол жылан сияқты. Бірақ дәл сондай болмаса да соған ұқсайды. Былтырдан бері түлеген де шығар.

Тағы да өткен жылдарға көз жіберді. Арқабай арман қуып Алматы қаласындағы медицина институтына оқуға түсуге ниеттеніп, абитуриент болып жүргенде Пушкин кітапханасынан шықпайтын. Бір жолы сирек кітаптар бөлімінен медицина тарихы туралы кітап қолына түсті. Қызығына түсіп, бір демде оқып шыққаны бар. Сонда медицина эмблемасы саналатын аса таяққа оралған, ыдысқа оратылған жылан бейнелері

Арқабайға ерекше бір жылылық пен қуат сыйлағандай еді. Оқуға түсе алмады. Жолы болмады. Ауылға келіп шопанның аса таяғын ұстады. Әлгінде шопан ата таяғына оратылған жыланды көргенде ойына түскен осы сәт еді. Адамгершілік, данышпандық, білім символына айналған жыланның заһарлы, түсі суық бейнесі адамның денесін тітіркендіріп, ұшықтағандай ауру сырқаудан адаландыра түседі дейді. Сол себепті өлгенді тірілтуші, отбасы бақытын түрлі бәле-жаладан сақтаушы болып саналады екен.

Сондықтан болар Арқабайдың отбасындағы араздық, болмашыға ашулану, жоқ жерден айқайға басу осы қыстауға келгені күн санап сирей бастады. Қыстаудағы мал қораға биыл бірде бір ит-құс жоламады. Қойлары қонды болды. Арагідік қой қора мен шөп қораның арасында әлгі сұрқай ала жыланды байқап қалып жүрді. Көктемге отар өлім-жітімсіз, шығынсыз шықты. Саулықтарын да дін аман төлдетті. Көктемгі сақман қораға көшерде де әлгі жылан қораның шығыс жақ күн шуақ бетіне үйілген қидың үстінде жатқан. Көрші қыстаудағы Сұлтанәлі Арқабайдың үйіне жолай өтіп бара жатып соғып, қи қораның іргесіндегі жыланды көріп қалып таяқ ала жүгірді. Арқабай әбжіл қимылдап араға түсіп, содыр Сұлтанәлінің қолынан жазықсыз жыланды арашалап аман алып қалған еді.

Арқабай да бұрынғы тоң теріс мінезін тастап, төрдегі текшелеп жиылған теңнің арасынан көптен бері саусақ тимеген домбырасын алып кешқұрым малын жайғап алған соң тыңқылдап, бозбала күніндегі әлде бір әнді салады. Сол түні келіншегі екеуі көптен бері ашылмай жүрген сыр сандықтарының кілтін тапты. Балалық, жастық, бозбала, бойжеткен шақтарын әңгімелеумен қыстаудың бозала таңын атырды. Арқабай келесі күні де бөлменің бұрышынан кешегі жыланды тағы көрді. Жыланды әлгі медицина құдайы Асклепи сияқты шопан таяғымен іліп алып бөлмеден енді шыға бергенде келіншегі тықырдан оянып, таяқ басындағы ирелеңдеген жыланды көріп бүкіл ағзасы дір ете түскен еді. Осы күннен бастап жыланда үйге кірмейтін болды, Ботагөздің де бойында бір өзгеріс пайда болғандай еді. Арада бірнеше уақыт өткенде Арқабай Ботагөздің аяғының ауыр болғанын, бала көтергенін біліп жүрегі жарылардай қуанды. Сайын сары даланы басына көтере айқайлап, қуанышын қуаң тартқан дала төсімен бөлісті.

Осылайша көктем шыға Арқабай тауға көшуге жиналды. Алайда жыланды қора маңынан іздеп таппай қойды. Сол жылан жылы шілденің соңына қарай жаз жайлаудағы Арқабайдың киіз үйінде думанды шілдехана болды. Арқабайдың Қыстаубайы осындай өзіндік тарихымен дүниеге келді. Бұл кезде қыстаудағы қалың сексеуілдің арасында Арқабайдың ала жыланы терісі жалт-жұлт етіп күнге шағылысып, көктемнің шуақты күнін аңсап жатқан еді.



Менің ол кісіні жақыннан көрмегеніме біраз жылдың жүзі болды. Мен оны үнемі автовокзал маңындағы орындықтардың бірінен көремін. Алматының автобусын күтіп отырады. Егер жанына таянып, қолын алып сәлем берер болсам, ол әуелі жалғыз көзін ажырайтып маған қадала қараушы еді, сосын екі түйіншегін тастай салып жас балаша қуанып, екі бетіменен кезек шөпілдетіп сүйер еді. Сон соң барып иегі кемсеңдеп ағылда тегіл жылар еді...

-Анау жетпегірдің баласы...деп бастаушы еді әңгімесін. Анау жетпегірдің баласы деп ішіне шөміш боп қатқан сырды көкірегі лықсып отырып ағытар еді.

Айтқан да өзімсініп, бір жылы сөз күтіп, айтар еді.

Біздің ауылға Ұлжанның қашан пайда болғанын білмеймін. Әйтеуір мен есімді білгенде оның домбырамен ән салатын, жанынан өлең шығаратын, Ұлжанға қарағанда анағұрлым келбетті, сұңғақ бойлы, келісті күйеуі болатын. Кейде сол күйеуін Ұлжанға қимаған ауылдың жесірлері; -шебер құдай да сорпасы бірікпейтін, адамдарды бір-біріне әкеп қосып қояды екен-ау-деп қызғанып қалатын. Ұлжан өзінің ажарсыз, ал күйеуінің көп көрім түрі бар, келбетті екенін жақсы білетін. Сондықтан да Сағынтайдың қасында жүргенде ол өзін - дүниедегі ең сұлу, ең бақытты әйел сезінетін. Сағынтайдың бар кемшілігі көп ішетін еді, ақыры сол ақаң түбіне жетті. Бір күні ізім-ғайым жоғалды, келесі күні денесі шу өзеніне қалқып шықты. Сол күні көп ішіпті дейді көргендер, ал қалай өлгені жұмбақ күйінше қалды.

Сонда Ұлжан өз бетін өзі тырнап көп жылады. Үйіне көңіл айтып келген әлгі жесір қатындарға қарап, - "жалмауыздар, неменеге еңіреп отырсыңдар? Өз байымды өзіме қимаушы едіңдер, соқыр Ұлжанға, құбыжық Ұлжанға қалай қараған деп күндеуші едіңдер ақыры жалмадыңдар ма-деп жалғыз көзіне жас толып аңырады-ай! Сол жерде отырған қатқан қара қайыстай ескі бет әйел, екі көзі шақшылып, жағасын ұстады;

-Ойбай құдай есалаң, өз байыңды өзің жалмап ап, бізден көріп отқаны нес мынаның, жалпа бөленді өйтіп, жалмасақ өз байымызды жалмаған шығармыз, сенің байыңда неміз бар-деп бетінен түгі шығып долданды.

-Сендер жалмадыңдар, Сағынтайдың алдында сирақтарың сидаңдап қоймаушы едіңдер, алдап арақ беруші едіңдер армандарыңа жеттіңдер ма, ақыры -деп Ұлжан кеудесін ұрғылай жылады.

-О сорлы ауыш, бұған жанымыз ашып, көңіл айтып кеп отсақ, беттен алғаны нес түге-деген ескі бет әйел былай шыққан соң;

-Байы өлген Ұлжан ауып қапты - деп әңгіме қылды.

Ұлжанның сол күйеуінен бір ұл бір қызы қалды. Одан бөлек ауылда ешкімі жоқ еді. Не ағайыны, не туысы. Кейде той-жиында біреулермен ілік-шатыс болғанына Ұлжан балаша қуанатын "Ой Алла-ай! Жәпек менің нағашым екен ғой, бәсе деймін-ау далақбайлығы өзіме тартқан, ал анау Хадеш бишара менің бөлем екен"- деп мәз болатын.

Мен Ұлжанның жасының дәл нешеде екенін білмеймін, бір білерім менің балаң күнімде ол кісі- кемпір болатын. Бүгін де арадан қаншама жылдар сырғып өтсе де ол кісінің әжіміне әжім қосылғанын, я болмаса, шашының ағына ақ араласып бурыл тартқанын, бұрынғысынан да шау тартып жүдегенін көргенім жоқ. Ол сол баяғы сауыс-сауыс кемпір қалпы. Сол баяғы жаман-жәутік көйлек орамал, сол баяғы көне кебіс. Күлгенде көртышқанның апанындай үңірейген аузынан көрінетін жалғыз ғана күрек тіс. Бәлкім ол өмірге дәл солай - кемпір күйінше келді ме екен? Кейде мен оның жас күнін ойша елестетіп көретінмін. Ол қыз болып қылымсып, қынама белдемше киді ме, аяғына биік тақасы бар туфли киіп сылаң қақты ма, би көшіне



# ҰЛЖАН

(Әңгіме)

барды ма, ернін қызылға бояды ма, анау сау көзіне сүрме жағып, соқыр көзін кекілімен көлегейледі ме екен деп ойлаймын. Қанша ойласам да ой түбінен жалғыз көзі ғана жылтыраған Ұлжанның жүдеу бейнесі көлбең ете қалатын.

Менің Ұлжан туралы алғашқы естелігім, бұдан бөлек еді, басқаша еді. Күн сәсіге қараған шақ-тын, біздің үйдің шарбағына жарғанатша жабысқан ауылдың күлді қара сирақтарымен бірге, менде көшеде бейсауыт өтіп бара жатқан адамдарды бақылап, кейде олардың қимыл-қозғалысын қайталап, арасында келемезжып күліп отырғанмын. Кенет бойы бір қарыс ғана мықшиған кемпірдің қолына қамшы ұстап, біздің көшені кесіп өтіп бара жатқанын жерінен көрдім. Жанымадағы балалар - Ұлжан келе жатыр, қаш, тығыл деп тым-тырақай қаша жөнелді.

Келе жатқан Ұлжан еді. Жалғыз көзінің қарашығы айналып, жасаурап кетіпті. Және сол жүрісінде дүниенің күлді қарғысын әлдебір "жетпегірге" әлдебір "қараң қалғырларға" жаудырып келеді.

-Қараң өшін қараң өшкір жетпегірі, қолың сынсын ессізғана қалғырдың баласы! Ұялмағыр қитақ! Бетіңесейін! Балаларың шетінен өзің сияқты жетесіз-деп даусы қарлыға айқалап бүткүл көшені басына көтерді. Әлден уақыттан соң, сол көшені кері сызып өңкіген баласын алдына сап айдап бара жатты. Баласының бет ауызы көнектей боп ісіп, қабағы жарылып ырсып қалыпты. Онысы екі иығы селкілдеп, өгіздей өкіріп келеді. Ұлжан ұлын аяған жоқ, қолындағы қамшымен баласының жон арқасын осып осып жіберді де - қанша айтым мен саған қитақтың тұқымына жолама деп ойбай құдай қанша айттым деп айғайға басты.

-Иш-ай! апа ұрмаш ииі өзімнің де сау жерім қалмады деп өкірді ұлы.

-Өшір үніңді сүмелек! Түс алдыма!

Кейін сол баласы мектеп бітірген соң, Алматы кетті, кеткенде де ұзақ кетті. Бір жола кетті. Ақыры үйленіп сонда қалды. Қарашаңыраққа әкеп, келіннің жүзінде көрсетпеді. Ұлжан ұлан-асыр той жасамады. Сүйіншілемеді. Сонда Ұлжан әбден жылады - мойныма бұршақ сап құдайдан көп тілеп туған тұңғышым еді, есейгендегі көрсетейін дегені осы ма өзі ескен үйін қораш көріп, бір көзі жоқ соқыр шешесіннен ұялып қарасын көрсетпеді жетпегірдің баласы, келмеді. Мені маскаралап, бір қатынның соңынан кетті. Қайынжұртым

бақуат дейді шешек-деп қалтасынан көнетоз орамалын шығарып, бет-аузын сұртты. Сонда көршілер Ұлжанның жотасынан қағып, -келеді Бекжаның келеді, ақылы бар бала еді ғой "деп жұбатқан болатын.

Ұлжанның біздің үйге де әлгіндей жорта туысқаншылдығы бар еді. Шешемді Сағынтайдың қарындасы дейтін, сондықтан да үйге келгіш еді, ондайда шешемнің өтірік ұйықтап қалатын әдеті бар-тын.

-Осы сіз Ұлжан апа келсе неге өтірік ұйықтап қаласыз дегеніме, бір айтқан сөзін мың айтады дейді шешем. Содан бері Ұлжан келе жатыр дегенді естігеннен көреуетте ұзынан түсіп өп-өтірік ұйықтай қалды. Ұлжан кемпір шешемнің қасына келіп-"құдайым білер өтірік ұйықтап жатсың ғой Тұмаркүл тұрш деймін әй, тұрсай деп әр жерінен түрткілейді. Шешем аз-мұз қозғалақтап, керенау есінеп теріс қарап бүк түсе қалады-"Әй тұрсай қатын-ау жаңа ғана құйымшағың шошаңдап есіктің алдында жүр едің ғой, шәй қойш, аузым құрғап кетті"-дейді. Ұлжанның

Ол кез Нұрлаштың әйелі - Күмістің үшінші сәбиіне жүкті кезі-тін, бүлдіршіндей екі қыз тапқан соң, үшіншісі ұл дегенде Күміс қатты қуанды. Нұрлашта қуаныштан төрттағандап жатып төрт күн ішкен. Бесінші күні барып есін жиып, сақал-шашын күзеп, вахтадағы жұмысына кеткен.

Сондай түннің бірінде, Күміс терезенің тегінен мысық сияқты мияулаған үн естиді. Әлгі үн:

-Күміс есікті ашшы деп жалынышты мияулайды екен. Әуелі Күмістің кіші қызы төрт жасар - Айша шошып оянып шар етіп жылап, анасының қойнына тығылды. -Мама қойқам дейді, анда мышық сөйлеп жатыр дейді. Кенет әлгі мысық дауыс зорайып, -Күміс есікті ашшы-деп сыртқы есік жақтан естілді.

Күмісте анау-мынаудан өздігінен секем ала қоймайтын еркек тақылеттес әйел-тін.

-Әй қайссың ай бұл жеті түннің ішінде ойнақ сап тұрған Нұрлаш жоқ үйде жұмысқа кеткен баланы шошытпай ары ойна - деп әдейі даусын зорайтып айғайлайды.

-Мен ғой көршің-дейді әлгі мысық дауыс.

Күміс тұрып жарықты жағады.

-Әй кім бұл әй!-дейді тағы.

-Мен ғой Ұлжан дейді әлгі дауыс.

Есікті ашшы, дейді тоңдым дейді.

-Мойның осылғыр Әлімжан шешек құдай біледі сен ғой ойнап тұрған-дейді көрші үйдегі қылжақбас қайнысы екен деген Күміс.

-Мен Ұлжан дейді әлгі мысық дауыс жердің астынан мияулағандай ішегін тартып.

Ұстап алсам тура жерге шегеып қағып жіберейін тұра тұр бөлем - деген Күміс халатын желбегей жамылған қалпы сыртқы есіктің ілгегін босатады. Желмен бірге жұлқына ашылған ағаш есіктің ар жағынан, қою қараңғылыққа жартылай сіңіп, шаштары жалбыраған жалғыз көзді дюдың тұрпатын көреді.

Алла.... Алла-ай! Сақтай гөр-деп шыңғырып жіберген Күміс тұла бойын тер жуып жерге сұлап түседі.

Сол дию Ұлжан еді дейді барлығы. Жеті түнде Сағынтайдың құқайынан қашып шығып, Күмісті пана көріп келіпті. Жазған Күміс содан кейін бала көтермеді. Әлгі балалардың дю дейтұғыны сол оқиға еді.

Ұлжан кемпірдің менен екі жас үлкен қызының есімі - Талшын еді, өзі еліктің лағындай, аққұба өңіне қан жүгірген, талдырмаш қыз болып бой түзеді.

-Құдай да шебер ғой Ұлжан құбыжықтан осындай қыз туыла ма десті көршілер

-Ееее.... жыныдан сау туылушы ма еді, қазір жастықпен сүйкімді болғанымен көн қатса қалыбына деген, түбі жатырына тартады да - деп әңгіме қылысатын әйелдер.

Сол Талшынды бір күні су әкеле жатқан жерінен лақша бақыртып бір топ жігіт өңгеріп алды да қашты. Ұрылар да ізін суытпай хабар жіберді. Ұры деп жүргеніміз қыр басына шықса қысық шатыр көрінетін тракторшы Сәпеннің қоянтис баласы - Қалжан екен.

-Қызыңды Сәпеннің қоянтис баласы алып қашты дегенде орнынан үш ұмтылып барып зорға тұрған Ұлжан төрде ілулі тұрған сары ала қамшысын алып, Сәппеннің үйіне қарай құстай ұшты. Соңадайдан басындағы жаулығы сыпырылып, шаштары жалбырап, бүткіл ауылды басына көтерді,

- Әй Сәпенді, жаның шыққыр қу Сәпенді- деп айғайлайлады. Әуелі Сәппеннің ағаш шарбағын теуіп құлатып, әулісіне ойқастай кірді де, қолындағы қамшымен ауаны қақ тіліп, осып-осып жіберді.

-Әй Сәпенді! Әй Сәпенді шығар қызымды дейді. О заман да бұ заман Сәпендіден әпенді туылмаса, жібі тұзу еркек туылушы ма еді, нағып отырсың анда мұздаған боқ құсап, бүлдіршіндей қызымды сенің көк соққаныңа беріп қойып, қарап отырар жайым жоқ шығар ойбай! - деп даусы шаңқ етіп жаман шығады.

**Жәудір НАРТАЙ.  
(Жалғасы бар).**

Қай ұлттың болмасын өзіндік тілі, дәстүрі және діні болады. Бұл үшеуі бірігіп, ұлттың нағыз рухани тірегіне айналады.

Біздің Ата Заңымызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі—қазақ тілі» деп жазылған. Ал орыс ті-

ліктілік талабына айнала бастады. Қазір мұндай талап қойылатын лауазымдар саны күн өткен сайын артып келеді. Сонымен қатар мемлекеттік органдар арасында қажат айналымның тек мемлекеттік тілде болуын қатаң сақтауды жүзеге асыруда.

## Мемлекеттік тіл

лін—ресми тіл, мемлекеттік тілмен бірдей қолданылады деп айтылған. Біз Конституция талаптарын мүлтіксіз орындауға міндеттіміз. «Тілге деген көзқарас, шындап келгенде елге деген көзқарас екені даусыз».

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы — тіл» деген Ахмет Байтұрсынұвтың қағидасына сүйенсек, Ата заң аясында бақ-берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді білу — мемлекеттік қызметкерлердің ең басты бі-

Мемлекеттік тілді насихаттау үшін әрбір азамат өзінің тілін, тарихын терең де жете білуі керек. Тіл байлығы— елдің, ұлттың мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалыптасып отырады. Тіл—халықтың жаны, халқымыздың аса бай рухани қазынасы. Барлық әлем тану үшін, тіліміздің мәртебесін биік ұстануымыз керек. Мемлекеттік тілді дамытуға байланысты әр-түрлі іс-шаралар өткізіп отыру. Қызмет бабы бойынша қазақ тілінде кәсіптік терминдер қолдану мемлекеттік тіліміздің дамуына қосар үлесі зор.

## Ұлттық құндылықтарды насихаттау неке, отбасылық даулардың алдын алу

Неке — отбасын құрудың негізі болып табылады. Ерлі-зайып-тылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын отбасын құру мақсатымен, заңда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақты — неке деп түсінуіміз қажет.

Отбасы — кіші әлеуметтік топ, ал оның мүшелері некемен немесе қаны бар туыстығымен, тұрмыстық ортақтығымен және өзара адамгершілік жауапкершілікпен байланысты. Отбасы — қоғамның бастапқы ұясы, қоғамның әлеуметтік құрлымының негізі болып табылады.

Отбасы әр адамның өмірінде ерекше маңызды орын алатыны бәрімізге мәлім. Өйткені отбасы — әр адам үшін махаббат пен қолдаудың сарқылмас бұлағы болып табылады.

Заңда неке таңдауға ерік берілген, яғни некеге тұру тараптардың өзара ерікті келісімі қажет.

Отбасын құру үшін неке жасына жетудің үлкен маңызы бар. Некеге тұрушылар белгілі бір рухани және күш — қуат кемелділігіне ие болуы керек, ол белгілі бір жаспен байланысты. Біздің заңымызға сәйкес неке жасы — 18 жас. АХАТ органдары дәлелді себептері болған жағдайда неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендеті алады. Неке жасына жетпеген адамдардың некеге тұруына ата — аналарының келісімі бойынша ғана рұқсат етіледі.

Сондай-ақ, өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды сақтап, оларды жас ұрпаққа насихаттау арқылы қазіргі жастар арасындағы неке бұзу дауларының алдын алуға болады.

**Б.САҒЫНТАЕВ,**  
*Созақ аудандық сотының судьясы.*

## Жемқорлықпен күресейік!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастырылуын оқу орындарынан бастағанымыз дұрыс. Жас ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүлдем төзбеушілікке тәрбиелеуіміз керек. Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықты қатысушылары болып қалады. Бүгінде мемлекеттік органдарда сенім телефондары орнатылған. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар өткізілуде. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуға болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әр адамда құқықтық сауаттылығына да байланысты төмен немесе жоғары болуы мүмкін. Мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін күшейтеді.

**Қ.АҚБАЕВ,**  
*Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.*  
**М.ҚОЖАХМЕТОВ,**  
*бөлім бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.*

## Хабарландыру

2025 жылғы 5 ақпанда сағат 15:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о., Бақырлы а., Жиенбет батыр к-сі, 13а.әкімдік ғимаратында, “Буденовское “БК” ЖШС-гі, Әсер етуге рұқсат алу үшін экологиялық бағалау материалдары бар Түркістан облысы Созақ ауданы “Буденовское” кен орнының 6-7 учаскесінде “өнімділігі жылына 6000 тонна табиғи уранды қайта өңдеу кешені” жобасының ықтимал әсерлер туралы есебі бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Онлайн тыңдауларға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596 Қосылу коды: 123456

Әсер ету аумағы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а. о. Буденовское кен орны.

Объектінің координаттары ендік-44066’46” бойлық-67072’20”.

Жоба материалдары <https://ecoportal.kz/> сайтында, сондай-ақ «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ЖАО сайтында жарияланған.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ қажаттардың көшірмелерін [a.babets@iht.kazatomprom.kz](mailto:a.babets@iht.kazatomprom.kz), эл.адресі бойынша, тел.: 8 701 758 2371 арқылы сұратуға болады.

Мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде БЭП <https://ecoportal.kz/> сайтына және қағаз және электронды нұсқада «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ электронды адресіне, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б. Саттарханов даңғылы 27-үй мекенжайына жолдай алады, 8 (72533) 5-98-49; e-mail: [a.erkebai@ontustik.gov.kz](mailto:a.erkebai@ontustik.gov.kz)

Әзірлеушінің деректемелері және байланыс деректері: «Жоғары технологиялар институты» ЖШС, Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 168, Тел.: 8 701 758 2371, БСН 020240001938, [a.babets@iht.kazatomprom.kz](mailto:a.babets@iht.kazatomprom.kz).

Жоспарланған қызметтің бастамашысы, Тапсырыс беруші: “Буденовское”БК” ЖШС-гі. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 161003, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о., Сарыжаз ауылы, 021 квартал, 627 ғимарат, БСН161040005807, тел:87273436700, эл.мекен-жайы: [info@spb.kazatomprom.kz](mailto:info@spb.kazatomprom.kz).

## Объявление

5 февраля 2025 г., в 15:00 часов, по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Каратауского с.о., с. Бакырлы, ул.Жиенбет батыра, 13А.в здание Акимата, ТОО «СП «Будёновское», проводит общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Перерабатывающий комплекс производительностью 6000 тонн в годприродного урана на участке 6-7 месторождения «Буденовское».Туркестанская область Созакскийрайон» Отчет о возможных воздействиях.

Для участия в слушаниях онлайн необходимо пройти по ссылке:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596 Код доступа: 123456

Территория воздействия: Туркестанская область, Сузакский район, Каратауского.оМесторождение Буденовское .

Координаты объекта Широта - С 44066’46” Долгота - В 67072’20”

Материалы проекта размещены на сайте <https://ecoportal.kz/>, также на сайте МИО «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области»

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов можно по эл. адресу: [a.babets@iht.kazatomprom.kz](mailto:a.babets@iht.kazatomprom.kz), тел.: 8 701 7582371

Заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайт ЕЭП <https://ecoportal.kz/> и в бумажной или электронной форме на эл. адрес: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», Туркестанская область, г.Туркестан, проспект Б.Саттарханов, д.27; 8 (72533) 5-98-49; e-mail: [a.erkebai@ontustik.gov.kz](mailto:a.erkebai@ontustik.gov.kz)

Реквизиты и контактные данные разработчика: ТОО «Институт высоких технологий», г. Алматы, ул. Богенбай батыра, 168, тел.: 8 701 7582371, БИН 020240001938, [a.babets@iht.kazatomprom.kz](mailto:a.babets@iht.kazatomprom.kz),

Инициатор: ТОО «СП «Будёновское», адрес: Туркестанская область, Сузакский район, Каратаускийс.о., село Сарыжаз, квартал 021, здание 627, БИН 161040005807, тел: 87273436700, эл.адрес: [info@spb.kazatomprom.kz](mailto:info@spb.kazatomprom.kz).

## Тағамнан уланудың алдын алу

Микробтармен және оның токсиндерімен, яғни уларымен ластанған азық-түлікті пайдалану салдарынан жедел пайда болатын, адамнан-адамға жұқпайтын аурушаңдық. Тағамнан уланудың жалпы белгілері: аурудың тез арада жедел түрде басталуы, тез жазылуы, бір уақытта біраз адамның ауруы, аурудың белгілі бір тағаммен байланыстылығы, сезікті тағамды тоқтатқан соң аурудың тоқтауы.

Бактериялар мен микробтар ылғалды, жылы және қоректік ортада тез өрбиді. Тағамнан улану жағдайы тағамның дайындалуы, сақталуы барысында бактериялармен, бактериялармен, вирустармен немесе өз табиғатындағы улы заттармен ластанған тағамдарды қолданғанда болады. Тағамнан уланудың негізгі себептері жеке бас гигиенасының, санитариялық-гигиеналық талаптардың және тамақтарды дайындау барысында технологиялық процестердің сақталмауы, сақтау мерзімдерінің бұзылуынан болады. Тағамнан уланудың алғашқы белгілері: асқазанның



ауырсынуы, құсу, жүрек айну, дене қызуының жоғарылауы, т.б. Тағамнан уланудың клиникалық көрінісі уланудың түріне және зақымданған улы тамақты қанша мөлшерде жегеніне байланысты. Ең алғашқы белгілері зақымданған тамақты жегеннен кейін 30 минуттан соң басталады.

Тағамнан уланудың ең алғашқы белгілері білінген кезде әсіресе балалар, қариялар және жүкті әйелдер тез арада дәрігерлерлік көмекке жүгінуі тиіс. Егер ауру ұзақ уақыт жазылмай, құсу, организмнің сусыздануы, нәжісінде қанның болуы және өткір ішек ауруы

сияқты белгілері сақталған жағдайда міндетті түрде дәрігерлік көмекке жүгінген дұрыс. Сәбилердің организмдері тез сусыздануға бейім болғандықтан, ешбір кедергісіз, уақыт созбай емделу қажет.

Аурудың алдын-алу жолдары:тамақтанар алдында қолды жуу;термиялық өңдеуге жатпайтын жеміс-жидектерді қайнатылған сумен жуу, қалғандарын ағынды сумен жуу;тек қайнатылған

немесе бөтелке суын ішу; тез бұзылатын тағамдарды тоңазытқыштарда сақтау; кондитер өнімдерін тек дүкендерден ғана алу, қауіпсіздігін растайтын құжатының болуына көңіл бөлу; үй жағдайында дайындалған консерві (ет, құс, балық, саңырауқұлақ) өнімдерін белгісіз адамдардан сатып алмау;тағамның түрі, түсі, иісі және тағы басқа белгілері күмән тудыратын болса, мұндай тағамды мүлдем пайдаланбау

**Х.ОСПАНОВ,**  
*Созақ аудандық СЭБ басқармасының басшысы.*

## Құттықтаймыз!

«Еңбегі сіңген энергетик»  
төсбелгісімен марапатталды

Жаңа жыл қарсаңында жыл қорытындысы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы АҚ-на қарасты Созақ ауданындағы «Уран қуат» ЖШС-нің Таукент желілері және қосалқы станциялар учаскесінің аға шебері Қозиев Жаңаберген Берікұлы Қазақстан электр-энергетикалық қауымдастығы атынан «Еңбегі сіңген энергетик» төсбелгісімен марапатталды. Аталмыш марапатты «Уран қуат» ЖШС-нің бас директоры Бекбол Абуов ұжымдағы әріптестері алдында салтанатты түрде табыс етті. Марапат құтты болсын!

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында қарт Қаратаудың етегіндегі Ескермес ақын айтқандай үнемі желі есіп тұратын Қарақұр ауылына Мәдениет және ақпарат Министрлігіне қарасты «Қазақ газеттері» ЖШС-гі басшылығы мен осы серіктестікке кіретін республикалық «Ұлан» газетінің бас редакторы Жадыра Нармахановадан Қарақұр мектебіне және сол аталмыш мектептің 11 сынып оқушысы Орынбасар

«ҰЛАН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАС  
ТІЛШІСІ АТАНДЫ

Мейрамбекқызы Гүлзина қызымызға алғыс хат келді. Гүлзина аудандық «Сөзақ үні» газетіне де үнемі хат жолдап отыратын талапты шәкірттеріміздің бірі. Міне, еткен еңбегі еш болмай, баяғы біз оқып жүргендегі «Қазақстан пионері» газетінің мұрагері саналатын «Ұлан» газетінің жас тілшісі атанып отыр.

Мектеп директоры Асылбеков Самат пен мектеп ұжымына келген Алғыс хатта:


«Мектеп талантты да талапты оқушыларды тәрбиелеп, оладың шығармашылық қабілетін дамытуға үлес қосып келеді. Шәкірттеріңіз Гүлзина Орынбасар «Ұлан» газетінің мазмұнды әрі қызықты шығуына белсенді түрде ат салысы, шығармашыл жастардың қатарын толықтырды. Ұстаздардың берген білімі мен тәрбиесінің нәтижесінде көптеген оқушы болашағынан зор үміт күттіретін тұлғаға айналды. Біз сіздер тәрбиелеп отырған талапты жастарды ерекше мақтан тұтамыз және олардың шығармашылық қабілетін әрдайым қолдауға дайынбыз.

Ұлан газеті жас дарындардың шығармашылығын жариялап, олардың жетістігін насихаттауға дайын. Газетке жазылып, шәкірттеріңіздің жетістігі жайлы редакцияға хат жазып тұруға шақырамыз! - делінген Алғыс мәтінінде.

Сонымен қатар, Гүлзинаның өз атына келген Алғыс хатта: «Журналистикаға деген ынтаңыз бен жазу шеберлігіңіз, жастарға арналған маңызды тақырыптарды көтеріп, ақпарат әлеміне қосқан үлесіңізді айрықша бағалаймыз. Сіздің еңбегіңіз оқырманның таным көкжиегін кеңейтіп, әрбір мақалаңыз замандастарыңыздың үні болды. Сізді мақтанышпен «Ұлан» газетінің жас тілшісі деп жариялаймыз және шығармашылық табыс тілейміз!»-деп жазылған. Гүлзина қызымызға зор денсаулық, шығармашылық табыстар, оқуда озат болуына тілектеспіз. Гүлзина қызымыз жақында ғана редакцияға хабарласып атасы туралы кітап жазып жатырмын деп еді. Таалабына нұр жаусын!

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

Дүниедегі адамдардың дүниетаным, болмысына байланысты мінезі де әрқилы. Біреулер өзінің өзгеге жасаған жақсылығын жарнамаалап жаһаннамға жар салса, екінші біреудің өз тірліктерін жұрттан жасырып, жариялаудан жасқанып жүретін сәттері де аз емес. Сірә, түймедей нәрсе тындырып түйедей етіп көрсеткеннен гөрі, екіншісінің қайыры көптеу сияқты. Өйткені, күнделікті тірлікте жарнамалар көп болғандықтан, кейде сол айшықталған суреттердің астарында шынайы тірліктердің бар екеніне күмәнмен қарайтын кездер де аз емес. Сондықтан да, мен өз өмірінде ізгілікті істері көп болса да көкірек ұрып,



Оның зайыбы Қаражанова Майра химия пәнінен ұзақ жылдар Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп - интернат лицейінде дәріс беретін ұлағатты ұстаз болса, үш ұлы мен қызы да жоғары оқу орнын бітірген, әр саланың білікті мамандары. Өзі үйде және тыста да толып жатқан толассыз тірліктеріне қарамастан, Аудандық ардагерлер кеңесі жанындағы Балдысу шағын ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы міндетін атқарумен қатар, ардагерлер арасында өтетін бәсекелерге қатысып дойбы ойынынан жүлделі орындар иеленген, сегіз сырлы, бір қырлы азамат.

Бірде шұғыл бір шаруамен шығып, осы тынымсыз

## ІЗГІЛІКТІ ІСТІҢ АДАМЫ

«менмін» деуден қашатын, қарапайым ғана ініміздің тыныс, тіршілігін көпке ұсынуы жөн көрдім.

Мен оны бала кезден білетін едім. Бізден біраз жас кішілігі болғандықтан мектеп бітірген кездері де есімде жоқ. Бірақ бір ауылда тұрған соң, біз мектеп бітіріп әскерден келген соң, әлде оқу орнын бітірген соң ба, Балдысу ауылындағы байланыс бөлімінде монтер болып жұмыс атқарғаны емес-емес есімде. Есімі- Жанайдар. Көпбалалы жан-ядан шыққан. Әкесі Бекбосын ұзақ жылдар совхозда белді қызметтер атқарған, беделді кісі болатын. Шешесі Кулаш та жүзі жылы, көпке танымал жайдары жан еді. Үлкен ағасы Сұлтан зайыбымен осы ауылдағы Жамбыл атындағы мектепте ұстаздық етсе, тағы бір ағасы Жұмаханнұң сурет өнерімен айналысып, аудан газеттеріне дембіл-дембіл мақалалары жарияланып тұратынын білетінмін. Сол Жанайдардың аудандық байланыс бөлімінде ұзақ жылдар үздіксіз қызмет етіп, қазіргі Қазтелеком мекемесінен құрметті демалысқа шыққанына да көп жылдың жүзі бола қойған жоқ. Сол інімізбен зейнеткерлік жастағы ауыл қарияларының ауық-ауық бас қосып қалатыны бар. Оған себеп, таң алағеуімнен өріске айдайтын бірді-екілі аша тұяқтардың өрісі. Әрине, мал жайымен шықсақ та бірлі-жарым әңгімеге арқау болар жайттар да бар. Ол – жаз бойы таудың емдік шөптерін жинаудан жалықпайтын Жанайдардың осы шөптердің емдік қасиетін жарнамалаудан жалықпайтын мінезі. Керек дегендеріне тау жартастарының жықпылында өсетін көкемерал, қыраттардан жинаған киік оты, зверовой, тау жалбызы сияқты емдік шөптерді үлестіріп жүргені

нің талай рет куәсі болдым. Бір қызығы ауыл айналасы, жол жағасында жиі шығатын жантақ тамырының емдік қасиетін насихаттап қана қоймай, біреулерге өзі қазып, әперіп жатқанына таң қалғаным да рас.

Иә, қазақта «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын деген» сөз де бар. Осы Жанайдардың ақкөңіл, адалдығы әңгіме болғанда онымен қызметтес болып, ұзақ жылдар бірге еңбек еткен жігіт оның адалдығын меңзей отырып былай дегені есімде.

Бірде осы ініміз мекеме аумағынан қомақты қаржы тауып алыпты. Тапқан олжаның «қарызынан құтылу үшін» сол ақшаның иесін іздеп бір ай бойы жарнамаласа керек. Ақыры, иесі табылмаған ақшаны сол жердегі мұқтаж жандарға бөліп берді- деген еді. Бұл да көп адамның бойында кездесе бермейтін адами қасиет. Мен кісіге жақсылық жасаудан жалықпайтын осы жанның үйде де тыным таппайтын тынымсыз еңбегіне таңданбасқа шарам жоқ. Осыдан бірер ай бұрын да Балдысу ауылының тұрғындарынан ауылдағы Табақбұл ақтың көзін аршып, мал кірмейтіндей қоршау жасап, құбыр қоюға осы жанның бастамашы болғанын айтып, алғыстарын білдіргенінің куәсі болғанмын. «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» демес пе. Мен де осы ізгі бастамамен игілікті істердің басында жүрген ақ ниетті адал, азаматтың тынымсыз тірліктеріне өз алғысымды білдіргім келді. Осындай, көп көзіне түсе бермейтін ақкөңіл, адал, жайдары жандардың тынымсыз тірлігі келешек ұрпақтарға үлгі болса - деген ниет менің қолыма қалам алуыма септігін тигізді.

жанның аудан орталығындағы бір көшеде шелек ұстап күйбеңдеп жүргенінің куәсі болдым. Асығыстау болып, жөн сұраудың сәті түспеген. Осыдан біраз күн өткен соң Балдысуға шығар жолда, тағы да бірдеңелерді түртпектеп жүрген Жанайдарды кездестіріп, сөйлесудің де сәті түсті. Сөйтсем ол, көшелердің асфальт жолдары бойындағы ойылған шұңқырларға өз көлігімен қиыршақ тасып, тегістеп жүр екен. –Бұл қиыршақтар көлік дөңгелегімен шашылып кетпес пе екен?-дегенмін, «Біткен іске сыншы көп» дегенін керіп келтіріп. –Құрамы ылғалды ғой, кейбір жеріне цемент те араласырып жатырмын-деді ол, осы жұмыстарды өзі атқаруға міндетті жандай. Сарттан қараған адамға бұл тендер жеңімпазының тірлігіндей болып көрінуі деғажап емес. Бірақ ел игілігі үшін, ешкімге жария етпей жол жөндеп жүрген азаматтың елеусіз еңбегіне таңданбасқа шарам жоқ. Осыдан бірер ай бұрын да Балдысу ауылының тұрғындарынан ауылдағы Табақбұл ақтың көзін аршып, мал кірмейтіндей қоршау жасап, құбыр қоюға осы жанның бастамашы болғанын айтып, алғыстарын білдіргенінің куәсі болғанмын. «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» демес пе. Мен де осы ізгі бастамамен игілікті істердің басында жүрген ақ ниетті адал, азаматтың тынымсыз тірліктеріне өз алғысымды білдіргім келді. Осындай, көп көзіне түсе бермейтін ақкөңіл, адал, жайдары жандардың тынымсыз тірлігі келешек ұрпақтарға үлгі болса - деген ниет менің қолыма қалам алуыма септігін тигізді.

**Дәуітқали БИМЕНОВ,**  
**Аудандық ардагерлер**  
**кеңесінің мүшесі.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Сөзақ үні" газеті редакциясы"**  
**жауапкершілігі шектеулі**  
**серіктестігі**

**Директор:**  
**Абилпаттаев Ержан**  
**Бакытжанович**

**Бас редактор:**  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**Сайлаубекұлы**  
**Жауапты хатшы:**  
**Мақсат Қарғабай**

**Редакция құрамы:**  
Аға тілшілер-  
**Нұржанал Майусова**  
**Данияр БЕКОВ**  
Тілшілер-  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терімші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**  
Фототілші-  
**Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

**Газет А-3 көлем форматта**  
**аптасына 2 рет шығады**  
**Индекс 64450**

**Редакцияның мекен-жайы:** 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

**тапсырыс №**  
**таралымы -**  
**3150 дана**

**Кезекші редактор:**

М.Қарғабай.